**Облыстық:** Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік орталығы Пәндік олимпиада 1-дәрежелі диплом.2021жыл.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Использование инновационных педагогических технологий в организации различных видов детской деятельности в соответствии с ГОСО ДО» тақырыбындағы облыстық семинар- практиумға белсене қатысқаны үшін.**Сертификат 2021 жыл**

**Республикалық:**«Ұлағат» Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты Тәуелсіздік күні мерекесіне орай ұйымдастырған шығармашылық байқауына шәкірттерін қатыстырып тәуелсіз қазақ елінің дамуына үлес қосқаны үшін **.Алғыс хат.2020ж**

**Халықаралық:** Халықаралық пони үркер диплом халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындағаныңыз үшін . 2020-2021 жыл

Халықаралық пони үркер диплом халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындағаныңыз үшін.2021-2022 жыл

## **МАҚАЛАЛАР:**

«Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналына «Балбақша мен ата-аналардың ынтақтастығы » тақырыбында мақала шықты.2021жыл

**Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік** орталығы «Білім-елдің тұрақты дамуының кепілі» атты педагогтардың облыстық тамыз кеңесі «Ойынның бала өміріндегі маңызы» мақала 2021жыл.

**Ақтөбе ұстазы газеті №13-14.** Ертегілер еліне саяхат «Шалқан» ертегісі көлеңке театры тақырыбында мақала 2021ж

**Ақтөбе ұстазы газеті «Алтын күз»** атты ҰОҚ.2021 жыл


**Тажгулова Анара Алпысбайқызы (музыка жетекшісі, орыс тілі)** Бұйрық № 06 16.09.2021 жылдан бастап уақытша 0,25 орыс тілі және 0,25 музыка жетекшісі жүктемелерімен жұмысқа қабылданды. Жалпы пед.өтілі – МДҰ-да 3 жыл. МДҰ-да 8-ай. Диплом бойынша мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту». Ақтөбе кооперативтік колледжі 2018 ж. Санаты жоқ.

Жетістіктері жоқ.

**Қорытынды:**Жалпы педагогтердің диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

**5)Баланың ерекшіліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.** 2017-2018, 2018-2019, 2020-2021, 201-2022 оқу жылдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар бала жоқ.

2019-2020 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар бір бала болды. Иорга Раяна Сергеевна ПМПК –ның қорытындысы бойынша диагноз F – 84, F – 83 қойылды. 2019-2020 оқу жылында аптаның сейсенбі және бейсенбі күні аудандық ПМПК-ға барып жүрді, дүйсенбі, сәрсенбі, жұма «Балдәурен» балабақшасына келіп жүрді, психолог және тәрбиешілер болып ерекше білім берілу қажеттіліктері бар балаға арналған жеке бағдарламалары құрып жұмыстар жүргізілді. 5 сала бойынша үнемі бүлдіршіндермен бірге ҰОҚ-не қатысып жүрді. Қолдау қызметіне педагог-психолог, медициналық қызметкер, тәрбиешілер.

  
«Бекітемін»  
«Балдәурен» МКҚК МДҰ  
менгерушісі  
Л.Б.Жаксыбаева

Ерекше білім беруді қажет ететін бүлдіршіндер тізімі  
2019-2020 оқу жылы

№	Аты-жөні	Туған жылы	Мекен-жайы	Диагноз
1	Иорга Раяна Сергеевна	20.01.2015	Жамбыл селосы, Ауэзова көшесі 6 үй	Психиатриялық диагноз: F-84, F-83.  Логопедиялық диагноз: ОНР 8 уровня. Специфическое развитие речи, обусловленное коммуникативными нарушениями

**б)Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.**

Аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингінің нәтижелері және жеке жаму карталары ұсынылды. Барлық құжаттар жас ерекшіліктеріне сәйкес жасалған.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) (1-қосымша, 2-тараудың 7-тармағына сәйкес)

**7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

Балалардың жас және жеке ерекшіліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»,

«Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылған. Әр жылға арналған Өтпелі тақырыптарға сәйкес перспектива және циклограммалар жасалған. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы өтпелі тақырыптар ұсынылды. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында топтардың перспективалары және циклограммаларында орыс тілі және музыка біріктіріліп жасалды. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында орыс тілі және музыка бөлек жасалды.

### Балабақша бүлдіршіндерінің жетістіктері

Жылдар	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Аудандық	Барлығы
2017-2018	5	2	-	1	8
2018-2019	-	1	-	4	5
2019-2020	-	-	-	-	-
2020-2021	5	3	2	2	12
2021-2022	6	2	7	3	18

**8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).**

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы мониторинг ұсынылды. Бүлдіршіндердің деңгейі жас ерекшеліктеріне сәйкес жасалған.

**9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.**

5 жылдың үлгілік оқу жоспарлары ұсынылды. Жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға бөлініп жасалған. (бағаланатын кезеңге көшірмелері қоса берілді)  
**Қорытынды:** 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына сәйкес.

**10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.**

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге жету деңгейін анықтайтын мониторинг қаралды. Материалдар зерделенді.



6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарынан сауалнама алынды.



### 11) Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Бес білім беру саласы бойынша ҰОҚ-нің бейнематериалдары түсірілді.

**«Қатынас»** білім беру саласы бойынша, Көркем әдебиет, Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісін тантамареска театрында сахналау. Тәрбиеші: Мырзабек Жұлдыз Құдайбергенқызы. 2-топқа қосып жүргізілді.

**Ересек топ** мақсаты: ертегі мазмұны бойынша кейіпкерлерді орналастырады, тантамареска театрында сахналай алады.

**Ортаңғы топ** мақсаты: Шығарма жанрларын ертегіні ажырата алады, кейіпкерлерге жанашырлық танытады.

ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады.Ғажайып сәт ұйымдастырылды. Бауырсақ қонаққа келді. Балаларды жасыл және қызыл пішін арқылы 2-топқа бөлді. (Бұл жерде жас ерекшеліктері сақталды, жалпы педагогтардың мақсаты балаларға 2-

топқа бөлу арқылы, балалардың санасына топқа бөліну, командамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру)

**Пед жет ойын:** Кір жаю әдісі арқылы кір қыстырғыштарды пайдаланып ертегі кейіпкерлері бейнеленген карточкаларды жіптерге ретімен іліп орналастырды. Бауырсақпен бірге сиқырлы сөздерді айту арқылы, ертегілер еліне саяхат жасады.

**Құрылымдалған ойын:** «Бауырсақ ертегісі» сахналау (тантамареска театры) Балалар бұл жерде ертегі кейіпкерлері және көрермендер бейнеленген суреттер арқылы бөлінді. Ертегі балалар қызықты болды. Ертегі сахналаған балалардында сөздік қоры өте жақсы болды. Балалар шапалақтау әдісі арқылы қорытындылады. Сергіту жаттығуы жасалды. **Еркін ойыны** ойналды. «Аңдарды қоректендір». Балалар аңдардың азығын тауып, атап сала білді. Ойын өте қызықты өтті. Балалардың зейінін өзіне аударып, сұраққа жауап алды. Балаларға көңілді күлекештер сыйлау арқылы ҰОҚ қорытындылады.

**«Әлеумет»** білім беру саласы бойынша, Қоршаған ортамен танысу, Тақырыбы: «Әуеде, суда, жерде жүретін көліктер» Тәрбиеші: Мырзабек Жұлдыз Құдайбергенқызы. 2-топқа қосып жүргізілді

**Ересек топ мақсаты:** қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып, атай алады.

**Ортаңғы топ мақсаты:** Жерде жүретін және әуеде ұшатын қозғалыс құралдары туралы біледі.

ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. Балаларды жасыл көлік және қызыл көлік арқылы 2-топқа бөлді. (Бұл жерде жас ерекшеліктері сақталды)

**П/Ж:** «Көлік түрін дауысынан таны» Аудио әдісі арқылы жүргізілді. Балаларға әртүрлі көліктердің суреттері таратылып берілді. Үнтаспадан көліктердің дауысы тыңдатылды. Қандай көліктің дауысы естілсе, сол көліктің суреті бар бала карточкаларын көрсетіп атын атады. Сонымен қатар балалар көліктер туралы тақпақ, жұмбақ айтып берді

**Құрылымдалған ойын:** Балалар жас ерекшелігіне сай. «Жасыл түсті көліктер» ересек тобына «Көлігін тап» ойыны ойналды. Балаларға жабыстырмалы көліктердің суреті таратылды, әр бала қолындағы көлігін кім жүргізетінін айтып жабыстырды. «Қызыл түсті көліктер» ортаңғы тобына «Шатасқан көліктер» Фетрде шатасып ілулі тұрған көліктерді (жол, теңіз, әуе, теміржол көліктері суреттері) өз орнына тауып жабыстырды. Сергіту сәті: «Ұшты, ұшты» орындалды. **Еркін ойын:** «Өз түсінді тап» ойнады. Балаларға көліктер бейнеленген бетперделер таратылды, музыка әуенімен көліктер қозғалып жүріп, әуен тоқтағанда өз түсіне сәйкес түсті көлікті тауып, шығыршықтардың ішіне кірді. Балаларға бұл ойын көңілді әрі қызықты болды. Балалардың зейінін өзіне аударып, сұраққа жауап алды. ҰОҚ таратылған жұлдызшалар арқылы өздеріне ұнаған күнді нұрландыру арқылы қорытындылады.

**«Таным»** білім беру саласы бойынша, Жаратылыстану. Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде» Тәрбиеші: Маликова Алтыnguль Кнуспаевна 2-топқа қосып жүргізілді.

**Ересек және ортаңғы топ мақсаты:** Жәндіктерді атап, ажыратады, жәндіктер туралы әңгімелей алады. ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. (Бұл жерде жас ерекшеліктері сақталды) «Миға шабуыл» әдісі арқылы жәндіктер туралы жұмбақ жасырылды. ПЖО «Құрастыр және ата» ойналды. Қ/О «Топтас, ойлан, бөліс» Балаларды деңгейлеріне сай топтарға бөлу, 1-топ «Пайдалы- зиянды», 2-топ «Ұшады, жүреді, секіреді» Сергіту сәті: «Көңілді жәндіктер» ойыны Е/О «Үйін тап» Балалар жәндіктерді өз үйлеріне орналастырады. Балалар ҰОҚ-не қызығушылықпен қатысты.

**«Шығармашылық»** білім беру саласы бойынша, Жапсыру.

Тақырыбы: «Жайлаудағы қойлар». Тәрбиеші: Маликова Алтынгүль Кнуспаевна 2-топқа қосып жүргізілді.

**Ересек топ мақсаты:** Дөңгелектер мен сопақтарды қиып, оларды қағаз бетін дұрыс орналастыра отырып ұжымдық мазмұнды композиция құрастыра алады.

**Ортаңғы топ мақсаты:** дөңгелектер мен сопақтарды қағаз бетіне дұрыс орналастыра отырып ұжымдық мазмұнды композиция құрастыра алады.

ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. (Бұл жерде жас ерекшеліктері сақталды) Тәрбиеленушілер оқу қызметі барысында белсенділік танытты. Балалармен педагог арасында сұрақ-жауаптар болды. Балалар жайлаудағы қойларды жабыстыруда және командамен жұмыс жасауда ынтамен, қызығушылықпен орындады. ҰОҚ-н сұрақ-жауап арқылы анықтап, балаларды мақтап, жұлдызшалар таратты. Тәрбиеші балаларды қызықтыра білді.

**«Денсаулық»** білім беру саласы бойынша, Дене шынықтыру

Тақырыбы: «Үй құстарында қонақта» 2-топқа қосып жүргізілді.

Тәрбиеші: Маликова Алтынгүль Кнуспаевна

**Ересек және ортаңғы топ мақсаты:** Жіп үстімен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай алады, арасы алшақтанған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп еңбектей алады. ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. (Бұл жерде жас ерекшеліктері сақталды). Тәрбиеші және бүлдіршіндердің спорттық формасы талапқа сай. Алаңда шашырап жүру, педагог белгісі бойынша жинала білді.

ЖДЖ орындалды. ПЖО «Кім жылдам?», Қ/О «Тиіп кетпе», Е/О «Қарақұс пен балалалапандар» ойындары өте қызықты өткізілді, бүлдіршіндер белсене қатысты. Балалар күлегештер суретін таңдау арқылы өз көңіл-күйлерін білдіре білді.

**«Қатынас»** білім беру саласы бойынша, Орыс тілі, Тақырыбы: «Здравствуй лето» Орыс тілі жетекшісі: Тажгулова Анара Алпысбай. 2-топқа қосып жүргізілді.

**Мақсаты:** Составляют рассказы по серии сюжетных картин. Развивают связную речь. Развивают логическое мышление, творческое воображение. Различают цвета и формы по фигуре. ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. ҰОҚ-н жұмбақ жасыру арқылы ашты. Ғажайып сәт құс ұшып келді. Құстан жаз мезгілі тапсырмалар беріп жібергенін, оларды орындау керек екенін педагог балаларға түсіндіріп берді. Педагогтың көмегімен сиқырлы сөздер айтып жәндіктерге айналды. «Кір жаю» әдісі арқылы балалар жаз мезгілі туралы өз ойларымен бөлісті. 2-тапсырма «Табиғат дыбыстары» балалар бұл ойында белсене қатысты. Табиғат құбылыстарының дауысын ажырата білді. 3-тапсырма «құртты түсіне қарай реттеп орналастыру». Балалар жұлдызқұртты түсіне қарай пішіндердің

түсін атап орналастыра алды. ҰОҚ-н сұрақ-жауап арқылы балаларды тартып, мақтап мойындарына медал тағып берді.

**Психолог Сағынбаева Маргарита** «Машаға көмектесеміз» тақырыбында ҰОҚ-н жүргізді. Мақсаты: Балаларды Машаға көмектесу арқылы, бір-бірлеріне деген достық қарым-қатынас орнату. ҰОҚ шаттық шеңберімен бастады. Психолог маман жерден хат тауып алады. Хатта аю бірнеше тапсырмалар бергенін балаларға түсіндіріп береді. Ғажайып сәт: Машаның қонаққа келуі.

Машаның құлпынай теріп жүріп, адасып кеткенін айтып береді. Балалар қуана көмектесетіндерін айтып береді. Аюдың хатта жіберілген тапсырмаларын орындап, машамен бірге орманға аюға барады. Барлық тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Балалар жасаған тапсырмаларын аюға берді. Машаның сиқырлы таяқшасы арқылы балабақшаға оралды.

ҰОҚ-н балалар текшедегі смайликтерді көрсету арқылы қорытындылады.

## **12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

**12/1.** 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы топтарда әртүрлі жастағы балалармен топтастырылған 1 топ жұмыс жасайды.

Бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлініп тізімі жасалған.

**12/2.** МДҰ-ға балаларды қабылдау бойынша қозғалыс кітабындағы бұйрықтар салынған.

## **Педагог-психолог мамандарының құжаттарына талқылау.**

**2017-2018, 2018-2019** оқу жылында «Балдәурен» МДҰ -да Маленкина Г.А 0,5 жүктемесімен психолог қызметінде жүрді. 2017 – 2018 оқу жылының басында пед кеңес отырысында жылдық жоспары қаралып бекітілген. Жылдық жоспары 9айға төмендегідей 4 ке бөлінген:

1. Балалармен жұмыс
2. Тәрбиешімен жұмыс
3. Ата-аналармен жұмыс
4. Құжаттармен жұмыс

Оқу жылының басында қыркүйек айында психолог жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңін бақылау мақсатында «Балақан» 1 кіші топтың және «Балапан» ортаңғы топтың танымдық процестерін зерттеу мақсатында балалардан тапсырмалар алған. Жыл бойы топтағы балаларға психологиялық-педагогикалық даму картасын жасап отырған. Сонымен қатар «Балақан» 1 кіші топ, «Балапан» ортаңғы топтың балаларына түзете-дамыту ҰОҚ жүргізілген.

Балабақша психологының жылдық жоспары бар. Жылдық жоспардан айлық, апталық жоспар шығарған. Ата-аналар жиналысында тақырыптық тренинг, кеңес, баяндама, сауалнама, тест түрлерін дайындап отырады. Жылына 3 рет баланың жеке танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында балаларға диагностика жасаған. Жылдық жоспарға сүйене отыра балалармен де жұмыстар жүргізген. Аптасына екі топ балаларына түзете-дамыту ҰОҚ жүргізіп отырады. Жылдың басында және соңында балаларға жек даму картасын толтырған. Психолог үнемі ізденісте жан-жақты өзін дамытып отырады.

**2019-2020, 2021-2022** оқу жылында «Балдәурен» МДҰ – да Сағынбаева М.Қ 0,5 жүктемесімен психолог қызметінде жүрді. оқу жылының басында пед кеңес отырысында жылдық жоспары қаралып бекітілді. Жылдық жоспары 9 айға құрылған. Жылдық жоспардан айлық жоспар, апталық жоспар шығарған. Оқу жылының басында психоадаптация кезеңінде балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделуіне көмектесу мақсатында балаларға және ата-аналарға психологиялық кеңестер, тренингтер, сауалнамалар жүргізген. Сонымен қатар жыл бойы психологиялық диагностика жүргізген. Балабақшаға жаңадан келген баланың ойын барысын, оқу іс-әрекетін бақылап, даму ерекшеліктеріне зерттеу жүргізген. Балабақша ата-аналарымен, педагогтарына және кіші қызметкерлеріне жыл бойы психологиялық кеңестер, психологиялық тренингтер жүргізіліп отырады..

Сонымен қатар балабақша тәрбиеленушілеріне жыл бойы үш топқа жас ерекшелігіне сай түзете-дамыту жоспары бойынша ҰОҚ жүргізіліп отырады. Әр балаға жеке даму картасы толтырылып отырады және жеке танымдық қабілеттерінің қалыптастыру парағы жүргізілген.

**2020 – 2021 оқу жылдары психолог болмады декреттік демалыста болуына байланысты.**

**2021-2022** оқу жылының басында педагог-психолог Сағынбаева М.Қ педагог-психологтардың қызметін реттейтін өзге нормативтік құжаттарға сүйене отыра «Балдәурен» МДҰ-ның әдіскерінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес балабақша психологінің жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілген. Тәрбиешілердің ҰОҚ не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау-жылдың аяғында топтың даму деңгейін анықтады. Балабақшадағы педагогтар мен қызметкерлерге ұйымдастырылған өндірістік жиналыстары жүргізіліп отырады. Балабақша ата-аналарына жиналыстар өткізіліп тұрды. Ата-аналарға «Менің отбасым», «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?», «Ашушаң балақай деген қандай болады?», «Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес», «Отбасы, бала, балабақша», «Сіз қандай ата-анасыз?», «Жүрек жылуы», «Сіз балаңызды жақсы танысыз ба?», «Жақсы ата-ана болуды үйренеміз», «Сіздің балаңыз мектепке баруға деген қызығушылығы қандай?» деген тақырыптар бойынша психологиялық кеңестер, сауалнамалар, психологиялық тренингтер, дңгелек үстел, баяндама, сауалнама жүргізілді. Балабақша ұжымына «Тапқыр тәрбиешілер», «Ұжым арасындағы байланыс» деген екі іскерлік ойынын өткізді. «зіне деген сенімділікті арттыру», «Жақсы көңіл-күй жан азығы» деген тренингтер өткізілген.

2021-2022 оқу жылындағы балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы, ортаңғы, қорытушы кезеңдерінде бақылауға үш топтың балаларынан тапсырмалар алынған.

Психологиялық деңгейі тмен балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай

қабылдау үшін оған қандай көмек қажет екенін ана-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балалар бақылауға алынып, ойын сабақтар өткізілді. Жалпы 3 топпен жұмыс жүргізілген. Үш топтың балаларына да зерттеу жұмыстары жүргізілді. Психологтың жылдық жұмыс жоспары жұмыс кестесі және циклограммасы құрылды. Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. Психологиялық ойын арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру зара сенім жағдайын құру, танымдық процестерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру белсенділіктерін арттыру мақсатында түзете-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді.

Психодиагностика қорытындысына ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталды, берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатын, сөздік қоры аз балалармен жеке жұмыстары жүргізілген. Жеке жұмыстар баланың қабілетін ашуға септігін тигізіп, жүйелі жұмыстың арқасында балалар ұйымшылдыққа үйреніп, оқу қызметінің дағдыларын меңгеріп, жаңа технологиялармен танысып, бағдарламаларды игеруде. Оқу жылының басында қазан, қараша айларында және оқу жылының аяғында наурыз, сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процестері анықталып мониторинг шығарылған. Ортаңғы топ балаларының ойлау қабілеттері жылдың аяғында орташа екені анықталды. Яғни берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатындары, сөздік қорлары аздау екені байқалды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсерлері жақсы.

### **Материалдық-техникалық қорына сараптама**

Балабақша материалдық-техникалық жабдықтармен қамтылып, жұмсақ және қатты инвентармен толықтырылып, шаруашылық жөндеу жұмыстарына қатысты іс-шаралары уақытылы өткізіп отырады. Жылыту қатты отынмен мектептен жағылу арқылы, су, электрмен қамтамасыз ету, өрттен қорғау құрылғылары санитарлық-гигиеналық талаптарға сай. Топта: қабылдау орны, топ бөлмесі, жатын бөлме, жуыну орны, түбектер бар. Сүлгілерге арналған тізім бойынша қойылған ұяшықтары бар ілгіштері бар. Тізімдері бар. Әр топқа тазалыққа арналған құралдар берілген. Барлығы өз қолданысына байланысты белгіленіп, шақфтарда сақталады. Тәрбиешілердің көмекшілері арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Топтарда ыдыс жуатын қондырғылар, ыдыс кептіретін және жинайтын сөрелер орнатылған. Барлығы қолданысына сай белгіленген. Тәрбиешілердің көмекшілеріне нұсқаулар ілінген. Қызметкерлер де тәртібін біледі. Жатын бөлмедегі керуерттер мен төсектер белгіленген. Керуерттердегі тізім құрамына сәйкес келеді. Кір жуатын бөлме бар. Іске жарамды автомат - машинамен жабдықталған. Кірді қабылдап алып, жіберу ағымы сақталған. Төсекті ауыстыратын тұрақты кестесі бар. Төсек қаптамалары сөрелерде сақталады.

Тағам блогі сыртқа шыға алатындай етіп орналасқан. Жұмыста рұқсаты бар 2 аспаз жұмыс істейді. Тағам блогі плитамен, тоңазытқышпен жабдықталған. Бөлуге, кесуге арналған тақтайшалар мен пышақтардың толық жиынтығы бар. Бәрі белгіленген. Жұмыс үстелдері де белгіленген. Технологиялық процесс

ағымы сақталады. Ас мәзір бойынша тәуліктік пробалар сақталады. Технологиялық процесс ағымы сақталады. Тоңазытқыштағы заттар көршілестігі сақталады. Тағам блогінің санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Тағам кесте бойынша беріледі. Қоймаларда сақталған азық қоры жеткілікті. Азық-түліктің сақтау мерзімі қадағаланған.

Медициналық қызмет көрсету және тамақтандыруды ұйымдастырумен медициналық қызметкер айналысады:

Мухишева Насип Мендибаевна. Ақтөбе мемлекеттік медицина колледжі 2006 ж. Арнаулы орта. Еңбек өтілі: 11 жыл.

Медициналық блок жұмыс кабинетінен тұрады.

Жұмыс кабинеті Сан ЕЖН-ге сәйкес жабдықталған. Алғашқы көмек көрсетуге дәрі –дәрмек жеткілікті. Сақтау мерзімі қадағаланған.

4 термометр, медициналық стол, дәрі-дәрмек қоятын шкаф, кушетка, медициналық ширма бар. Медициналық құжаттар толық көлемде Сан ЕЖН-ге сәйкес, уақтылы бекітілген .

Медициналық қызметкердің іс-әрекетіндегі негізгі бағыттардың бірі – балалардың денсаулығын қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың жүктемесінің максималды көлеміне гигиеналық талаптар туралы» нұсқаулық-әдістемелік хатына сәйкес жұмыс жүргізіледі. Медициналық қызметкер аудандық емхана дәрігерлерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

«Балдәурен» МДҰ балаларды сауықтыру, салауатты өмір салтын насихаттау, оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын белсенді қолдану бойынша жоспарлы түрде іс-шаралар жүргізіледі. Ата-аналармен, балалармен, тәрбиешілермен жүргізілетін санитарлық-ағарту жұмысының жоспары бар. Аталған жұмыс топтар медициналық бұрыш арқылы көрсетілген.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бақылауы жүйелі түрде жүргізіліп, Сан ЕЖН ге сәйкес журналдары бар. Тамақтану үш мезгілді, ақысы – күніне 450 тенге.

Перспективалық ас мәзірі МСЭҚҚБ бекітілген. Күнделікті үшінші тағамның витаминизациясы жасалады. Тағамдардың ассортименті әр-түрлі, айран, сүт балалар норма бойынша алады. Шырын, жемістер алма-кезек беріледі.

Құнарлылығы жас ерекшеліктеріне сәйкес, дайындау технологиясы сақталады.

Азық –түлік бағасына қарай келісім шартпен жеткізіледі.

Медбике дене шынықтыру сабақтарына, таңертеңгілік гимнастикаға қатысады, бақылау жасайды. Дене шынықтыру сабақтары сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Профилактикалық егу егу күнтізбесіне және жылдық жоспарға сәйкес, жоспардан тыс аудандық емханамен келісе отырып жасалады. Балалар жыл сайын МДҰ медициналық тексеруден өтеді.

МДҰ жұмсақ және қатты инвентарьмен жабдықталған. Төсек қаптамалары бір балаға 3 жұптан қамтылған. Жуатын және залалсыздандыру құралдары жеткілікті мөлшерде. Залалсыздандыру, температуралық, жарықтық, су ішу процедуралары күн тәртібімен сақталған.

**Қорытынды:** медициналық қызмет көрсетудің санитарлық-техникалық жағдайы жағдайы, тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы «жеткілікті деңгейде» деп есепке алынсын.

Балабақшаның 2020 – 2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы құрылып, меңгерушінің қолы және балабақша мөрімен бекітілді. Бағдарлама жылдар бойынша кезеңдерге бөлінді, нақты мақсат қойылып, атқарылатын мерзімді жұмыстар белгіленді. Бағдарламаның негізгі мазмұны педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, кәсіби білімін дамыту, санаттарын көтеру, балабақшаның білім сапасын арттыру, материалдық техникалық базаны нығайту, педагогтарға, білім алушыларға қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарды қамтиды.

### **«Балдәурен» МДҰ - ның әкімшілік- басқару жұмысы.**

«Балдәурен»МДҰ МДҰ жарғысын, ҚР заңнамасына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес қызмет етеді. Меңгеруші өз ісін басқарушылық нұсқауларға сай жүргізеді. Мекеменің кіріс, шығыс құжаттары тіркеуге алынып, нормативтік құжаттар (бұйрықтар, нұсқаулар) таныстырылып, орындалып отырады. Іс – қағаздар талапқа сай жүргізіледі. Бұйрық кітабы, балалар қозғалысының кітабы, жеке құжаттар, еңбек кітапшалары, пед. кеңес хаттамалары, ата-аналар жиналысының хаттамалары, нұсқаулық журналдары талапқа сай жүргізілген. Қызметкерлерге лауазымдарына сай жұмыстар бөлініп, жеке құжаттарында тіркелген.

Ұжым басшысы Болекеева М.С педагогтар ұжымының, медицина мен қызметкерлер жұмыстарын ұйымдастырады. Жұмыс барысында циклограммалар, кестелер, педагогикалық жұмыстарды талдау ескертпелері мен оқу–тәрбиелеу процесінің бақылаулар жұмыстары жүргізіліп отырылады.

Меңгеруші тарапынан жүйелі бақылауға алынған МДҰ-ның іс–әрекеттерінің: күн тәртібі, педагогтардың іс –қағаздарын жүргізуі, топтың санитарлық жағдайы, сауықтыру шаралары, оқу жоспарының орындалуы, ата –аналармен жұмыс, топты дамытушы ортаның жағдайы, оқу –тәрбиелеу жүйесінің орындалулары талқыланып, шындалып отырылады. МДҰ әкімшілігі балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын олардың ата –аналары байланыс арқылы жүзеге асырады.Ата –аналар комитетінің жұмысы құрылған. Олар педагогтар кеңесінің жұмыстарына қатысып, жан –жақты қолдау танытып, мерекелік іс-шараларға, ұйымдастыру жұмыстарына көмектесіп отырады.

**Қорытынды:**«Балдәурен» МДҰ басқарушылық қызметі жүйелі деп саналсын. Алайда меңгерушінің кәсіптік білімін көтеруі, басқа МДҰ тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізуі қажет.

### **Мектеппен сабақтастық жұмысы**

Бірнеше жыл қатарынан «Балдәурен» МДҰ мен Жамбыл орта мектебімен сабақтастықта жұмыс жасауда. Мектептің педагогикалық ұжымы және мектепке дейінгі ұйымның ұжымы сабақтастықты баланың дене дамуының, тұлға ретінде дамуының, оның психологиялық жайлылығын қамтамасыз ететін біртұтас процесс деп түсінеді.

Білім берудің алғашқы баспалдағы – балабақшада мектепке дейінгі жастың құндылығы сақталып, баланың негізгі тұлғалық сапалары қалыптаса бастайды, бұл мектептегі жақсы үлгерімін қалайды. Сонымен қатар мектеп ұжымы өз жұмысын баланың жетістіктерін негізге ала отырып, өзінің педагогикалық



жұмысы мен практикасын жинақталған әлеуетін дамыта отырып, оны әрі қарай баланың жан-жақты дамуына белсенді қолданады.

**Қорытынды:** оқу-тәрбие жұмысын талдау балалардың мектепке сапалы даярлығын көрсетеді.

**«Балдәурен» МДҰ өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясының қорытындысы:**

Аттестаттау материалдарын зерттеп және талдап аттестаттау комиссиясы келесідей қорытынды мен ұсыныстарға келді:



**Қорытындылар мен ұсыныстар**

Аттестациялау комиссиясы ұсынады:

1. Балабақшаның материалдық базасын нығайтуға бағытталған балабақша мүліктері мен жиһаздары қазіргі заман талабына сай жасақтау мақсатында жұмыстар жүргізіліп, уақытылы АББ-не сұраныс берілсін.
2. Педагогтардың кәсіби біліктілігін дамыту, біліктілік санаттарын көтеру мақсатында әдістемелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру жолға қойылсын; Педагогтардың тәжірибелерін тарату мақсатында баспа бетіне өз тәжірибелерінен материал жариялау, әдістемелік құрал, электронды орта даярлап шығару жұмыстары, яғни өзара тәжірибе алмасу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілсін;
3. Әдістемелік-құралдарды толықтыру бағытында демеушілер тарту акциялары ұйымдастырылсын; АББ-не сұраныстар берілсін;
4. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстарының деңгейін зерделеу, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдай келе, өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша балабақшаның білім беру қызметі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

**Комиссия мүшелері:**

 Болекеева М.С. – меңгеруші комиссия төрайымы

 Сағынбаева М.Қ – әдіскер, психолог  
 Мырзабек Ж.Қ – тәрбиеші  
Маликова А.К. – тәрбиеші  
Тажгулова А.А – музыка жетекшісі

Анықтамамен таныстым

 Болекеева М.С.  
«Балдәурен» МКҚК МДҰ меңгерушісі